

## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 127 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 желтоқсанда № 21895 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Стратегиялық

жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының  
2020 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 127 Қаулыға  
қосымша

## **Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарда:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) сәйкес әзірленді және ақпараттық процеске, қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға және электрондық жабдыққа қойылатын ең төменгі талаптарды белгілеуге, сақтандыру жөніндегі бірыңғай деректер базасының сақталуына және үй-жайларға қойылатын талаптарды қоса алғанда, Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның (бұдан әрі - Ұйым) қызметіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Талаптарға сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау 2013 жылғы 21 мамырдағы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

11 және 11-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Ұйымға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және

ресімделуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысында көзделген мәліметтерді нақты уақыт режимінде ұсынады.

11-1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген ақпаратты жеткізуші Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіретін (алып кіргізілетін) автокөлік құралдары бойынша мынадай мәліметтерді нақты уақыт режимінде ұсынады:

- 1) сақтандыру шартының түрі (стандартты, кешенді);
- 2) сақтандыру шартының Ұйым берген бірегей нөмірі;
- 3) сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;
- 4) өтініш беруші туралы мәліметтер:  
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, тұрғылықты жері (жеке тұлға үшін );  
жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, берілген күні, жүргізу стажы (жеке тұлға үшін );  
атауы, орналасқан орны (заңды тұлға үшін);  
резиденттік белгісі (Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті);
- 5) автокөлік құралы туралы мәліметтер:  
көлік құралының алып кіргізу мерзіміне тіркелгенін растайтын құжат;

"Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( бұдан әрі – Міндетті сақтандыру туралы Заң) сәйкес көлік құралының типі;

шығарылған жылы;  
шанағының нөмірі;

- б) ) сақтандырылушы (сақтандырылушылар) туралы мәліметтер:  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты жері;  
жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, берілген күні, жүргізу стажы;

- 7) сақтандыру агенті туралы мәліметтер:

сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), байланыс телефон нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол жеке тұлға болып табылса) немесе оның атауы, орналасқан жері, байланыс нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол заңды тұлға болып табылса);

сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының болуы немесе болмауы туралы нұсқау."

**2. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. "Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптарды, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптарды және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 450-451 (26294) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптарды, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктерін, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптар, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктері, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптарда, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптар және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптар, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктері, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптар";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптар, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктері, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-1, 18 және 18-1-баптарына сәйкес сақтандыру шарттарын жасау және орындау кезінде, оның ішінде сақтандыру агенті сақтандыру ұйымының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын процестерді реттеу мақсатында әзірленді.

Талаптарға сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау 2013 жылғы 21 мамырдағы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

3-тармақтың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру ұйымының немесе сақтандыру агентінің сақтанушымен сақтандыру шартын жасау процесін ұйымдастыру мынадай кезеңдерді қамтиды:";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) егер сақтандыру шарты қосылу шарты нысанында жасалса – сақтандыру қағидаларының көшірмесін қағаз тасымалдағышта беру не сақтанушыға сақтандыру қағидаларының электрондық (сканерленген) көшірмесін немесе сақтандыру ұйымының интернет-ресурсындағы немесе сақтандыру ұйымы әріптесінің интернет-ресурсындағы сақтандыру қағидаларының жарияланымына сілтемелерді жіберу (сақтанушының таңдауы бойынша);";

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сақтандыру шартын жасасуға негіз болатын (сақтандыру қағидаларында немесе "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі, "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі, "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 11 маусымдағы, "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 13 маусымдағы, "Туристі міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы, "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 07 ақпандағы, "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 07 шілдедегі, "Міндетті

экологиялық сақтандыру туралы" 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарында талаптар болған кезде (бұдан әрі - міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілері), оның ішінде сақтанушыны сақтандыру талаптарымен таныстыру туралы белгіні қамтитын өтінішті толтыру;

5) сақтандыру объектісін қарау және (немесе) бағалау, оның ішінде оны жүргізу үшін мамандарды тарта отырып (қажет болғанда) бағалау (жеке сақтандыру шарттары бойынша медициналық куәландыру). Сақтандыру объектісін қарау кезінде сақтандырушының ішкі құжаттарында көзделген нысан бойынша тиісті акт жасалады;" ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сақтандыру ұйымының ішкі қағидаларында белгіленген мерзімде тәуекел дәрежесін бағалау үшін сақтандыру объектісіне қатысты сақтанушы хабарлаған мәліметтер мен құжаттарды тексеруді жүзеге асыру арқылы түрлері, талаптары мен тәртібі міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленетін міндетті сақтандыру шарттарын қоспағанда, сақтандыру шартын жасасу мүмкіндігі туралы шешім қабылдау;" ;

10) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) сақтанушының:

фискальді чекті ала отырып, сақтандырушының кассасына;

сақтандыру сыйлықақысын төлеу туралы растайтын құжатты ала отырып сақтандыру агенті-жеке тұлғаға;

фискальді чекті ала отырып сақтандыру агенті-заңды тұлғаға;

қолма-қол ақшасыз төлеуге тиіс сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы);

11) сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, сақтандыру агенті туралы ақпаратты көрсетумен сақтандыру полисін ресімдеу (қосылу шартын жасасу) не жеке сақтандыру шартын жасасу;" ;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандырушының бір жақты тәртіппен әзірлеген үлгілік талаптарына ( сақтандыру қағидаларына) сақтанушының қосылуы және сақтандырушының сақтанушыға сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жасасқан сақтандыру шартының ( қосылу шарты) қолданылуы онда көрсетілген талаптар мен мәліметтер өзгерген кезде мерзімінен бұрын тоқтатылады." ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру ұйымы әрбір жасасқан сақтандыру шартына қатысты сақтандыру ісін қалыптастырады, оның мазмұнына қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17462 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін

қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 198 қаулысында белгіленген.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сақтандыру ұйымының сақтандыру шартын орындау процесін ұйымдастыруы мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) сақтанушы сақтандырушыға сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы туралы хабарлаған кезде сақтандыру ұйымының жауапты қызметкерінің сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы туралы мәліметті шығындарды есепке алу журналына тіркеуі, егер аталған міндет сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) көзделсе;

2) міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде не өтініш берушінің (сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының не олардың өкілдерінің) сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы жазбаша немесе электрондық нысандағы өтінішті қабылдау.

Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі өтініште пайда алушы туралы мынадай мәліметтерді қамтылады:

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

тұрғылықты жері;

байланыс телефондары;

сақтандыру төлемдерін алу тәртібі – қолма-қол ақшамен не банктік шотына аударым жасау арқылы;

банк деректемелері (қажет болғанда);

міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру ұйымының ішкі қағидаларында көзделген мәліметтер;

3) өтініш берушінің (сақтанушының, сақтандырылушының, пайда алушының не олардың өкілдерінің) сақтандыру төлемдерін алуға ұсынған құжаттарының сақтандыру шартының (сақтандыру қағидаларының) не міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес келуін, оның ішінде құжаттардың толық топтамасының болуын тексеру;

4) сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеу бойынша сақтанушының дебиторлық берешегінің болуын тексеру;

5) сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) немесе міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде осы құқық көзделген жағдайда, бүлінген мүлікті қарап тексеру;

6) сақтандыру оқиғасының басталу себептері мен мән-жайын анықтау, сондай-ақ өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде сақтандыру оқиғасы мен сақтандыру

жағдайы арасындағы себепті байланысты растау, сондай-ақ өтініш берушіден сақтандыру жағдайын анықтау үшін мәні бар дәйекті мәліметтерді алу;

7) сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) немесе міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде келтірілген зиян мөлшерін бағалауды ұйымдастыру не айқындау;

8) сақтандыру төлемін жүзеге асыру не оны жүзеге асырудан сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара бас тарту туралы шешім қабылдау;

9) бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен бірге сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) не міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге жазбаша немесе электрондық нысанда жіберу;

10) сақтандыру шартында (сақтандыру қағидаларында) не міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін қолма-қол ақшамен не сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішке сәйкес банк шотына аудару арқылы жүзеге асыру;

11) сақтанушыға (сақтандырылушыға) немесе өзге де тұлғаға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында, егер осы шығыстар қажет болған немесе сақтандыру ұйымының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, олар жұмсаған шығыстарды өтеу.

7. Жеке немесе заңды тұлға тапсырма шартын жасасу үшін сақтандыру ұйымына сақтандыру ұйымының ішкі құжаттарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып еркін нысанда жазылған өтініш ұсынады.";

8 және 8-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сақтандыру агентімен тапсырма шартын жасасқаннан кейін сақтандыру ұйымы:

1) сақтандыру агенті туралы ақпаратты Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру ұйымының жауапты қызметкері жүргізуді жүзеге асыратын сақтандыру агенттерінің тізіліміне электрондық нысанда кіргізеді;

2) тапсырма шартын жасасқан күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттің қатысуымен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру агенттерінің тізіліміне енгізілген сақтандыру агенті туралы ақпаратты электрондық нысанда жібереді;

3) сақтандыру агентін оқытуды, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс қимылдар мәселелері бойынша оқытуды ұйымдастырады.



Сақтандыру ұйымы сақтандыру агентімен жасасқан тапсырма шартын бұзу кезінде тапсырма шартын бұзған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттің қатысуымен дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға тиісті ақпаратты электрондық нысанда жібереді.

8-1. Сақтандыру агенттерінің тізілімі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, берілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдары бар ақпаратты кепілдікпен жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып электрондық тасымалдағышта қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) ұсынылуы тиіс.

Сақтандыру агенттерінің тізіліміне сақтандыру ұйымының бірінші басшысы (ол жоқ болған кезде – оның орнындағы адам) қол қояды және сақтандыру ұйымында қағаз тасымалдағышта сақталады. Уәкілетті органның талап етуі бойынша сақтандыру ұйымы сұрату алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз тасымалдағыштағы есептілікті ұсынады.

Заңды тұлға болып табылатын сақтандыру агенті Талаптарға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лауазымдық міндеттеріне сақтандыру шарттарын жасасу кіретін қызметкерлердің тізімін жүргізеді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Заңды тұлғалар – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында, сақтандыру брокерлерінде және сақтандыру агенттерінде, жеке тұлғалар – актуарийлердегі және сақтандыру агенттеріндегі құжаттарды жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды сақтау тәртібі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14309 болып тіркелген "Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтау қағидаларын және Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарының тізбелерін және оларды сақтау мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 171 қаулысына сәйкес айқындалады.";

16-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссиялық сыйақы мөлшері тапсырма шартында белгіленеді.";

18-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сақтандыру агентінің сақтанушыға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысында белгіленген талаптарға сәйкес сақтандыру полисін ресімдеу (қосылу шартын жасасқан жағдайда);";

19-тармақ алып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы ("жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымдары үшін) Талаптарға 5-қосымшада көзделген, сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы ("өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымы үшін) Талаптарға 6-қосымшада көзделген. Сақтандыру ұйымы өз қалауынша сақтандыру агенттерін оқу бағдарламасын делдалдық қызмет мәселелеріне қатысты қосымша пәндермен толықтырады.

мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

"28. Қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агенті оқытуды және өз қызметкерлерінің Талаптарға 5-қосымшада көзделген сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасын ("жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымдары үшін) және Талаптарға 6-қосымшада көзделген сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасын ("өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымдары үшін) білуіне емтиханды дербес жүргізген кезде, қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агенті қызметкерлерге Талаптарға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы бойынша емтиханнан өту туралы куәлік береді.

Қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агенті қызметкерді лауазымдық міндеттеріне сақтандыру шарттарын жасасу кіретін қызметкерлердің тізіміне енгізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру ұйымына сақтандыру агенттерін оқытудың ең аз бағдарламасы бойынша емтиханнан өту туралы куәліктің көшірмесін жібереді.";

1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптарға, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасына және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарға 1-қосымша";

2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру агенттерінің тізілімі Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

3-қосымшаға сәйкес Сақтандыру полистерінің бланкілерін (СПБ) есепке алу журналы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес Сақтандыру агентінің қызметі туралы есеп Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес Сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы ("жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымы үшін) Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымшаға сәйкес Сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы ("өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру ұйымы үшін) Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымшаға сәйкес Сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасы бойынша емтиханнан өту туралы куәлік Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын

4. "Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 298 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8051 болып тіркелген, 2012 жылғы 14 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 746-751 (27823) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асырудың қағидаларында:

5-тармақта:

1) тармақшаның төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының атынан құжаттарға қол қою құқығы бар трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері қамтылған құжатты;"

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлғаның атынан құжаттарға қол қою құқығы бар оның өкілдерінің нотариат куәландырған қол қою үлгілері қамтылған құжатты;"

17-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Беруге арналған құжаттарды (ақпаратты) алған кезде трансфер-агент ондағы қойылған қолдарды Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының төртінші абзацында, 2) тармақшасында және 3) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген құжаттардағы

үлгілермен салыстырып тексереді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында мәмілелер жасауға бұйрықтың бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы ұсынған нұсқаулықтарға (түсініктемелерге, нұсқауларға) сәйкес толық болуын және трансфер-агент клиенті – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысының қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеті бар тұлғалардың дұрыс толтыруын тексереді."

**5. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 57 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

6. "Кастодиандық үлгілік шарттар нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 67 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9487 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Кастодиан банк және арнайы қаржы компаниясы, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының арасында жасалатын кастодиандық үлгілік шарттың нысанында:

"Тараптардың деректемелері және қолдары" 12-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тараптардың деректемелері және қолдары

Компания

Басқарушы

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(Компанияның деректемелері, бизнес – сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, телефондары, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

(Басқарушының деректемелері, бизнес – сәйкестендіру нөмірі, телефондары, пошталық мекенжайы, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

\_\_\_\_\_  
(Компания өкілінің лауазымы, қолы)

\_\_\_\_\_  
(Басқарушы өкілінің лауазымы, қолы)

Кастодиан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Кастодианның деректемелері, пошталық мекенжайы, телефондары, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

\_\_\_\_\_  
(Кастодиан өкілінің лауазымы, қолы)";

көрсетілген қаулымен бекітілген Кастодиан банк және арнайы қаржы компаниясы арасында жасалатын кастодиандық үлгілік шарттың нысанында:

Тараптардың деректемелері және қолдары" 12-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тараптардың деректемелері және қолдары

Компания

Кастодиан

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Компанияның деректемелері, бизнес – сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, телефондары, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Кастодианның деректемелері, бизнес – сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы, телефондары, банктік сәйкестендіру коды, жеке сәйкестендіру коды, бенефициар коды)

\_\_\_\_\_  
(Компания өкілінің лауазымы, қолы)

\_\_\_\_\_  
(Кастодиан өкілінің лауазымы, қолы)".

7. "Исламдық сақтандыру қорын қалыптастыру, есепке алу, пайдалану және бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 88 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11650 болып тіркелген, 2015 жылғы 24 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру қорын қалыптастыру, есепке алу, пайдалану және бөлу қағидаларында:

4-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексінде (Салық кодексі) көзделген салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу міндеттемелерін орындау;"

8. "Ерікті және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларының есептер мен қосымша ақпаратты беру нысандарын, мерзімдерін және кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13638 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Күн сайынғы есеп қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға рұқсат алғаннан кейін немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бір жыл ішінде факсимильдік не электрондық байланыс арқылы мынадай мерзімдерде ұсынылады:

1) тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған кезде – есепті күннен кейінгі жұмыс күні Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 11.00-ден кешіктірмей;

2) тарату комиссиясының бөлімшелері болған кезде – есепті күннен кейінгі жұмыс күні Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 16.00-ден кешіктірмей.

Ай сайынғы есеп уәкілетті органға:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған кезде – есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) күнінен кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған кезде – есепті айдан кейінгі айдың 8 (сегізінші) күнінен кешіктірмей ұсынылады.

Жылдық есеп уәкілетті органға:

тарату комиссиясының бөлімшелері болмаған кезде – есепті жылдан кейінгі жылдың 25 (жиырма бесінші) қаңтарынан кешіктірмей;

тарату комиссиясының бөлімшелері болған кезде – есепті жылдан кейінгі жылдың 30 (отызыншы) қаңтарынан кешіктірмей ұсынылады.";

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Құжаттардың түпнұсқалары мәжбүрлеп тарату кезінде – уәкілетті орган аралық тарату балансын бекіткеннен кейін, ал ерікті түрде тарату кезінде – аралық тарату балансын қарағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде тарату комиссиясына қайтары.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасау мерзімі аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны есептіліктің нысандарымен және құжаттармен бірге екі данада уәкілетті органға мәжбүрлеп тарату кезінде бекіту үшін, ал ерікті түрде тарату кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткенге дейін қарау үшін ұсынады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тарату комиссиясы уәкілетті органға мыналарды қоса бере отырып, бекіту (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарау үшін - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы (ерікті түрде тарату кезінде) бекіткенге дейін екі данада жасалатын кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды және бухгалтерлік балансты ұсынады:

1) кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері туралы түсіндірме жазба және олардың негізділігін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

2) шоттар көрсетіле отырып, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бухгалтерлік балансы баптарының талдамалары.

Уәкілетті орган күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды бекітеді (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Кредиторлар талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар бекітілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) осы құжаттың бір данасы тарату комиссиясына қайтарылуға тиіс, ал екінші данасы уәкілетті органда қалады.

Ерікті түрде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары талаптарының тізіліміне бекітілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың

көшірмесі таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы оларды бекіткен күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға назарда ұстау үшін ұсынылады.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тарату туралы есеп және осы қаулының 1-тармағының 27) тармақшасында көзделген таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы уәкілетті органға келісу (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарау үшін (ерікті түрде тарату кезінде) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткенге дейін бір данада ұсынылады.

Уәкілетті орган таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату туралы есебін және тарату балансын олар келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келіседі (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қарайды (ерікті түрде тарату кезінде).

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату туралы есебі және тарату балансы келісілгеннен кейін (мәжбүрлеп тарату кезінде) немесе қаралғаннан кейін (ерікті түрде тарату кезінде) тарату комиссиясына қайтарылады, олардың көшірмесі уәкілетті органда қалады.

15. Тарату комиссиясы:

1) мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының – уәкілетті органмен келісілгенінен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату туралы есебін және тарату балансын бекіту үшін сотқа ұсынады;

2) ерікті түрде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының – уәкілетті орган қарағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату туралы есебін және тарату балансын акционерлердің жалпы жиналысына бекітуге шығарады.

Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы тарату туралы есепті ұсынғаннан кейін уәкілетті органға ай сайын оның сотта қаралу барысы туралы ақпаратты сотқа ұсынады.

Тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бекітілген тарату туралы есебінің және тарату балансының көшірмелерін уәкілетті органға "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде ұсынады".";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланстан тыс шоттары бойынша есеп Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің жай-күйі туралы есеп Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру ұйымы міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын қайта сақтандыру ұйымы міндеттемелерінің жай-күйі туралы есеп Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының теңгемен ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есеп Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шетел валютасымен ағымдағы шоты бойынша ақша қозғалысы туралы есеп Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының теңгемен касса бойынша ақша қозғалысы туралы есеп Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дебиторлық берешегін өндіріп алу туралы есеп Тізбеге 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті мүлкінің жай-күйі туралы есеп Тізбеге 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы жұмсаған шығыстар туралы есеп Тізбеге 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы жалға беретін мүлік туралы есеп Тізбеге 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы қызметкерлерінің саны туралы есеп Тізбеге 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының шағым-талаптарды (өтініштерді) беру үшін белгіленген мерзімі өткен соң мәлімделген, кредиторлар талаптарының тізіліміне енгізілмеген талаптарын есепке алу журналы Тізбеге 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкерлеріне, борышкерлеріне, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тарату комиссиясының төрағасына, мүшелеріне немесе қызметкерлеріне қатысты қозғалған қылмыстық істер туралы есеп Тізбеге 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;



15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Аралық тарату балансы Тізбеге 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының тарату процесінің басындағы жағдай бойынша тізімі Тізбеге 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлары мәлімдеген шағым-талаптарды (өтініштерді) есепке алу журналы Тізбеге 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының талап етілмеген кредиторлық берешегін есепке алу журналы Тізбеге 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті мүлкін есепке алу журналы Тізбеге 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дебиторлық берешегін есепке алу журналы Тізбеге 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның баланстан тыс шоттары бойынша есеп Тізбеге 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиторлардың таратылатын сақтандыру ұйымының аралық тарату балансына енгізілген талаптарының тізілімі Тізбеге 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиторлардың таратылатын қайта сақтандыру ұйымының аралық тарату балансына енгізілген талаптарының тізілімі Тізбеге 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансы деректерінің тарату процесінің басындағы баланспен салыстырғанда орын алып отырған ауытқулары туралы мәліметтер Тізбеге 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиторлардың таратылатын сақтандыру ұйымының аралық тарату балансына енгізілген талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар Тізбеге 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиторлардың таратылатын қайта сақтандыру ұйымының аралық тарату балансына енгізілген талаптарының тізіліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар Тізбеге 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансы Тізбеге 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

9. "Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарды сақтау қағидаларын және Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларының, сақтандыру агенттерінің міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарының тізбелерін және оларды сақтау мерзімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 171 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14309 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшаның 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құжаттарды жедел сақтау және істерді ұйымдардың мұрағатына беру тәртібіне қойылатын жалпы талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15997 болып тіркелген "Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) айқындалған.";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндетті түрде сақталуға жататын құжаттарының тізбесі және оларды сақтау мерзімі Тізбеге 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

**10. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16944 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесінде:

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен (бұдан әрі - № 304 қаулы) белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден төмен 0,1 тармаққа төмендеуі";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 1 (бір) жылға дейінгі орындау мерзімімен қайта сақтандырушының үлесін шегергенде, айналыс мерзімі 1 (бір) жылға дейін болатын өтімділігі жоғары активтердің құнының сақтандыру резервтерінің сомасына қатынасының 1,2 мәнге төмендеуі және (немесе) 1 (бір) жылдан 5 (бес) жылға дейінгі орындау мерзімімен қайта сақтандырушының үлесін шегергенде, айналыс мерзімі 1 (бір) жылдан 5 (бес) жылға дейін болатын өтімділігі жоғары активтердің құнының сақтандыру резервтерінің сомасына қатынасының 1,05 мәнге төмендеуі.

Осы тармақшаның талабы "жалпы сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қолданылмайды.

Сақтандыру резервтерін орындау мерзімдері бойынша бөлу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген, "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысына 25-қосымшаның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады";

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден:

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін - 0,2 тармаққа;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,5 тармаққа төмен болған кезде соңғы 12 (он екі) айда жалпы және әкімшілік шығыстар, сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарының және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларына 5-қосымшаның "жалпы және әкімшілік шығыстар" бабында көзделген өзге шығыстар сомасының соңғы 12 (он екі) айда сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұзуға байланысты шығыстар сомасына азайтылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығыстар сомасына арақатынасының 50 (елу) пайыз мәнінен асуы;"

12. "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарды , Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін өтініштің мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17806 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 11 маусымдағы, "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 13 маусымдағы, " Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі, "Туристі міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы, " Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі, "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

1-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарда:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Түрлері, талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін жекелеген заңнамалық актілерінде белгіленетін міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру полистері электрондық нысанда ресімделеді және сақтандыру полисінің бланкісінде басып шығарылмауға тиіс.

Жүктелген және ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру полистері қағаз нысандағы сақтандырушының бланкісінде және (немесе) электрондық нысанда ресімделеді."

13. "Сақтандыру брокерінің жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшеріне қойылатын талаптарды белгілеу, Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17836 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларда:

23-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

